

**Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
Факультет журналистики и политологии
Кафедра политологии**

**МӘНГІЛІК ЕЛ – ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНОЕ
ЕДИНСТВО, МИР И СОГЛАСИЕ**

*Материалы - Международной
научно-практической конференции
(г. Астана, 2017г.)*

УДК 378:327(063)

ББК 74.58+66.4

М 36

Ответственный научный редактор Нечаева Е.Л.

К.п.н., профессор

Редакционная коллегия:

Копежанова Д.Е., Дюсембекова М.К., Жанпейсова Қ.Д.

Мәңгілік Ел – Общенациональное единство, мир и согласие: сбор.матер. VI-
Межд. науч.-прак. конф.– Астана, ТОО Мастер По, 2017.- 174 с.

ISBN 978-601-301-928-4

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит доклады ученых, докторантов, магистрантов и студентов казахстанских и зарубежных вузов.

В нем рассматриваются ключевые аспекты социальных и политических процессов Евразийской интеграции, социально-коммуникативные технологии и инновационные процессы в обществе.

В материалах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение Закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций и научные руководители.

УДК 378:327(063)

ББК 74.58+66.4

ISBN 978-601-301-928-4

**© Кафедра политологии
ЕНУ им.Л.Н. Гумилева, 2017**

6. Қайдарова Ә.С., Қазақстан Республикасындағы ұлттық идеяның қалыптасуы (саясаттанулық талдау). Саяси ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2010, - 40б.

7. Азия асқарлары // Егемен Қазақстан.-2005.-15 желтоқсан.

Сансызбаева А.
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ
Саясаттану мамандығының 1 курс студенті,
Астана қ.
Ғылыми жетекшісі:
доцент Көпежанова Д. Е.

ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ САЯСИ ИДЕОЛОГИЯНЫҢ БІР ТҮРІ РЕТІНДЕ

Ең алдымен «идеология» сөзінің мәнін ашып алайық. Барлық мемлекетте жинақтық ойды білдіретін бұл термин нені білдіреді?

Идеология (грек. idea – түсінік, logos – оқу) – әлеуметтік топтардың, саяси партиялардың, қоғамдық ұйымдардың немесе жалпы қоғамның, мүдделері мен дүниетанымын қамтитын түсініктер, көзқарастар және идеялар (саяси, құқықтық, діни және философиялық) жүйесі. Идеология адамдарды ұйымдастырады, олардың дәлелдерін анықтайды. Белгілі бір құндылықтар жүйесін пайдалана отырып, жеке және жалпы сананы қалыптастырады, бақылайды, әлеуметтік қатынастардың бағыты мен сипатын анықтайтын бағдарламалар мен мақсаттарды бекітеді. «Идеология» ұғымын ғылыми айналымға француз философы А. Дестют де Траси («Идеология элементтер» (1801-1815) енгізді. Идеологияны әрбір азамат әртүрлі мағынада түсінуі мүмкін. Біреулер оны тәртіп десе, енді кейбіреулері қоғамды басқару, ұйымдастыру дейді. Ал біз, жастар идеологияны қалай түсінеміз?

Идеология арғы жағынан идея, ой, талант деген сияқты ұғымдарды байланыстырады. Яғни белгілі бір тұлғада немесе мүдделері бір топта, ұйымда саяси өмірді ұйымдастыру туралы мәлімет болып идея туындаса , бұл-саяси идеологияны қалыптастырады. Идеологияның бірнеше түрлері бар. Және олар өз алдына бірнеше мақсаттар қоя отыра қоғам өмірін ұйымдастыруды жеңілдетеді. Әрбір идеология өзінің терең мәнін алға тарта отыра жұмыс жасайды. Идеология түрлеріне: либерализм, консерватизм, анархия, марксизм, демократия, фашизм, коммунизмді жатқыза аламыз.

Ендеше идеологияны пайдалана отырып мемлекет бірнеше саяси механизмдерді орындай алады.

Бүгінгі таңда Қазақстанда қандай идеология түрі таралған? Және ол қандай маңызды істерді атқарады деген сұрақтарға жауап іздеп көрелік. Күшті күшпен ғана тоқтатуға болады деп ежелден есептеліп келді, әйтсе де данышпандар бұған керісінше пайымдады: «Өшпенділікті өшпенділікпен тоқтатуға болмайды — тек сүйіспеншілікпен ғана тоқта- туға болады»-дей келе бүгінгі таңда Қазақстанда «Ұлттық идеология» мәселесі туындап отыр.

«Ұлттық идеология — күш пен қаталдыққа табынудан — пікір алысу мен келісімге табынуға дейінгі бағыт. Мұндай идеология Қазақстанның ұлттық тәуелсіздігі мен қауіпсіздігін азаматтық және мәдени бірегейлігін нығайтуға жәрдемдесетін болады, елдің үдей түскен жаһандану жағдайында төтеп беріп қана қоймай, өзінің ұлттық келбетін сақтауға көмектеседі, сонымен бірге оның түрленуінің, оның «басқа жаһандану» белгісімен ойдағыдай жүзеге асырылуының алғышартына айнала алады»-дейді зерттеушілер. Жоғарыда аталған бүгінгі ұмтылыстар, өмірлік басымдықтар және қазақстандықтардың өркениеттік мұраттары Қазақстанның ұлттық идеясының мазмұның, ең болмағанда, таяудағы он жылға арналған мазмұның көрсете алады. Сөйтіп ұлттық идеяның мәні мынадай тұжырымда тезистік түрде айтылуы мүмкін: «Бастау көзді ұмытпай, біз бірге әрбір қазақстандықтың игілігі үшін гүлденген және демократиялық күшті Қазақстан орнатамыз».

Ұсынылып отырған ұлттық идея тұжырымы барлық көп этностық қоғамды топтастыра және азаматтық бірегейлік векторын күшейте отырып, мемлекетті нығайтудың, жаңа құндылықтар жүйесін қалыптастырудың аса маңызды әлеуметтік-экономикалық және саяси проблемаларын шеше отырып, Қазақстанның барған сайын күшейе түсіп отырған жаһанданушы әлемдегі орнын нығайтуға жәрдемдеседі. Ұсынылып отырған формадағы ұлттық идея қазіргі заманғы жаһанданудың бой көрсетуі алдында бүкіл елді жұмылдырудың нақты практикалық тетігі бола алады.

Бірақ осы «ұлттық идея» ұғымын барлық азамат бірдей әрі дұрыс түсіне ме? Әрине оған оппозиция көрсететін азаматтар да бар. Бізге ұлттық идеология керек дегенде Қазақстанда тұратын халықтарды руға, жүзге, нәсілге, дінге, тапқа бөлетін идеология емес, қайта олардың басын біріктіріп, адамзат баласына ортақ құндылықтарды насихаттайтын идеология қажет. Яғни, ұлттық идеология қоғамдағы әлеуметтік топтардың идеяларынан жоғары тұруға тиіс.

Бізге ұлттық идеологияны кейбіреулер «Бұл тек қазақ ұлтының идеологиясы, ал қазақстан болса көп ұлтты мемлекет, сонда, басқа ұлттардың мүддесін басқа кім қорғауы керек» деп жаңсақ түсініп жатады. Осы орайда айтып кету керек жайт, бұл әлемнің 200 мемлекеті ұлттық негіздегі мемлекеттер. Оның ішінде Қазақстан 130 дан астам ұлтты қанатының астына алып отырған бірден бір мемлекет. Және барлық ұлтты бірлікте әрі татулықта

ұстап отыруы үшін «Ұлттық идея» жобасын ұсынып отыр. Сондықтан бұл ұғымды қате түсінудің өзі қате деп есептеймін.

Соңғы кезде біздің БАҚ ұлттық идеяға көп көңіл бөле бастады. Соның ішінде «Егемен Қазақстан» газетінде «Ұлттық идея» (25.03.05) деген мақала және Еуразия ұлттық университетінде «Ұлт және ұлттық идея» деген тақырыпта пікір алысу отырысы өткізілді. Мақала авторлары өздерінің ойларын түспалдап айтқандықтан олардың шын мәнінде не айтқылары келгендерін бірден түсіну қиын, тек оны жорамалдап аңғаруға болады.

Әбіш Кекілбайұлы «біздің қазіргі ұлттық идеямыз-осы заманғы ұлттық мемлекет орнату»- деп тұжырымдаған еді. Ия, әрине солай. Бұған дәлел ретінде елбасымыздың барлық жолдауларында қайталап отырып айтатыны « Мәңгілік ел» болу, мықты мемлекеттің қаңқасын тұрғызу. Ендеше дамыған 30 елдің қатарына қосылу жоспарда болса, алып территориямызда мекен ететін, қазақстандықпын деп соғатын әрбір жүректі біріктіру,буруге дамыту мақсатмызы емес пе?

«Ұлттық идея сияқты ұлттық идеология да өзін терең талдауды, айқындауды, іске асырудың жолдары мен тәсілдерін жан-жақты ойластыруды қажет етеді»-дейді Қамбар Атабаев өзінің «Ұлттық идеология және рушылдық» атты еңбегінде. Әрбір жолдау, бағдарлама сарапталмай, өңделмей, талданбай жарыққа шықпайды және қоғамға ұсынылмайды. Сол себепті «ұлттық идеология» мәселесі бүгінгі таңдағы өзекті әлеуметтік мәселе болған соң көтеріліп отыр.

Ұлттық идея-туған жер, өскен орта әсерлерінен қалыптасып, халықтың тілі, ауыз әдебиеті, салт-санасы, әдет-ғұрпы. Ол-ұлттың болмысы, психологиялық өзіндік ерекшелігі. Тарих ғылымдарының докторы Х.Әбжанов ұлттық идеяны былайша сипаттайды: «ұлтты сақтайтын ұлттық идея болу керек.Ол ұлттың өмір сүруі,тілегі,ниеті,ойы дегенге әкеледі. Сондықтан да ұлттық идеяны ұлт мұраты деп қабылдасақ,мәселенің тоқ етерін тапқанмыз».

Зерттеу тақырыбы бойынша SWOT талдау жасауды жөн көрдік:

| Жақсы жақтары: | Жағымсыз жақтары: |
|-------------------------------------|--|
| -бірлікті қамтамасыз етеді | -ұлтараздықты тудыруы мүмкін |
| -қоғамды ұйымдастырады | -басқа ұлттар тарапынан түсінісбеушіліктер |
| -дамуға үлес қосады | -келеңсіз жағдайлар |
| -экономикалық үдерісті жылдамдатады | -барлығына ортақ шешім табылмай қалуы мүмкін |

| | |
|--|---|
| Мүмкіндіктер: -Қоғамның салаларын барлық салаларында қоғамның нәсілге, ұлтқа бөлінбей өмір сүруі -Әлемдік мықты мемлекет болуға бір қадам алда болу -Халақ санағы оңай әрі тез өткізілуі | Қауіпі: -ұлттар мүмкіндіктерін пайдаланып автономия сұрауы -Ортақ мүдделеріне байланысты қоғамдық қақтығыстар ұйымдастыруы мүмкін -Бөлініп не болмаса алшақ аймақтарға юелініп өмір сүру факторы туындауы мүмкін. |
|--|---|

Сонымен, қорыта айта келе, ұлттық идея-эностық, діни, мәдени және өзге де қауымдастықпен біріккен адамдар тобының ұжымдық жады, мақсат-мұраттары мен армандарының, дуниетанымының, көзқарастары мен құндылықтарының кешенді жиынтығы. Ол осы ұлттың өзі туралы, қоршаған әлем мен таихи үдерістегі орны мен миссиясы және тарихы, өткені мен болашағы жайлы жалпы көзқарастарды аңғартады. Сондықтан «ұлттық идея» ұлт пен ұлттық бірегейліктің қалыптасуына тікелей әсер етіп, халықтың бар күші мен іс-әрекетін ортақ игі мақсатты жүзеге асыруға жұмылдырып, сол үшін әлеуметтің тұтастығын қамтамасыз етеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қамбар Атабаев . Ұлттық идеология және рушылдық
2. А. Айталиев. Ұлттану
3. К.Ж. Беляев. Бауырластық бастаулары

Сыдықов Д.
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
Астана қ.,
Экономикалық факультет
(Ғылыми жетекші: п.ғ.к., доцент Тажигулова Б.М)

«МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫНЫҢ ЖАСТАРҒА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ АЛАТЫН ОРНЫ ЖӘНЕ МАҢЫЗЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев ««Мәңгілік Ел» патриоттық актісі – бұл қазақстандықтардың біртектілігі мен бірлігінің ауқымды да бірегей генетикалық бағдарламасы. Біздің рухани құндылықтарымыз бен ұмтылыстарымыздың негізгі форматын ұрпақтан